

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
№3 МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

10.02.2023 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:

АК төрағасы, Жедел медициналық жәрдем кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к.
Бабаева К.С.

АК мүшесі, Академиялық персоналдар:

пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент **Алимбекова Л.Т.**, акушерлік іс және гинекология кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент **Нурхасимова Р.Г.**, педиатрия кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. **Асилбекова Г.Т.**, профилактикалық медицина кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д. **Куандықова А.К.**, арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент **Нускабаева Г.О.**, хирургиялық аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент **Жунусов М.С.**, жалпы хирургия кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. **Тулезанов Н.К.**, адам морфологиясы және физиологиясы кафедрасының меңгерушісі, PhD **Жунисова М.Б.**, адам патологиясы кафедрасының аға оқытушысы, м.ғ.к. **Татықбаева У.Б.**, профилактикалық медицина кафедрасының аға оқытушысы, PhD **Саржанов Ф.Н.**, терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі м.а., аға оқытушысы **Ахтаманов Д.М.**, хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының меңгерушісі м.а. **Кожамбекова Э.А.**, адам патологиясы кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. **Ходжаев Н.К.**, зертханалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к. **Айболова Г.К.**, жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, профилактикалық медицина және стоматология пәндері кафедрасының аға оқытушысы **Тасбулатов Н.К.**, жалпы дәрігерлік практика №1 кафедрасының аға оқытушысы **Туганбаева А.Т.**

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: КДО бас дәрігері **Осман Ажар**, «Ырыс Дент» клиникасының директоры **Шотаев С.Ы.**

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері: 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты **Бекарыстанова А.К.**, 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты **Баймырза К.**, 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті **Жебел А.**, 6B10176 – «Медицина» Жалпы медицина БББ студенті **Исаева Д.**

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Интеграцияланған БББ мазмұнын жобалау. *Жауаптылар: комиссия мүшелері.*
2. Интеграцияланған БББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау. *Жауаптылар: комиссия мүшелері.*
3. Жаңартылған және жаңа әзірленген БББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу. *Жауаптылар: комиссия мүшелері.*
4. Жаңартылған және жаңа әзірленген БББ паспортын әзірлеу, БББ тізілімдемесіне ұсыну. *Жауаптылар: комиссия мүшелері.*
5. БББ тізілімдемесіне ұсынылған эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу. *Жауаптылар: комиссия мүшелері.*
6. БББ тізілімдемесінде тіркелген БББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету. *Жауаптылар: комиссия мүшелері.*
7. Өртүрлі мәселелер.
 - 7.1. 2023-2024 оқу жылына «7М10131 – Медицина» білім беру бағдарламасын жаңарту туралы. *Жауапты: адам физиологиясы және морфологиясы кафедрасының меңгерушісі М.Б. Жунисова.*
 - 7.2. 2023-2024 оқу жылына «7М10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасын жаңарту туралы. *Жауапты: профилактикалық медицина кафедрасының меңгерушісі А.К.Куандыкова.*
 - 7.3. 2023-2024 оқу жылына «8Д10110 - Медицина» және «8Д10111 – Қоғамдық денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына шетелдік тағылымдаманың семестрін ауыстыру туралы. *Жауапты: медицина факультетінің деканы Молдалиев Б.С.*
 - 7.4. 2023-2024 оқу жылына 6В10156 – «Стоматология» білім беру бағдарламасындағы кафедраға қарасты пәндердің атауын өзгерту туралы. *Жауапты: адам физиологиясы және морфологиясы кафедрасының меңгерушісі М.Б. Жунисова.*

1. Интеграцияланған БББ мазмұнын жобалау. *Жауаптылар: комиссия мүшелері.*

6В10155 – «Жалпы медицина» - Назарова Л.М., Саржанов Ф.Н. және 6В10156 – «Стоматология» - Татыкаева У.Б.: 6В10155 – «Жалпы медицина» және 6В10156-Стоматология бойынша үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасы мазмұны 2023 жылдың 9-ші қаңтарында №4 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген типтік оқу бағдарламасы, кәсіби стандарт және салалық біліктілік шеңбері негізінде мазмұны жаңадан жасақталуда.

1. ШЕШІМ: интеграцияланған БББ мазмұнын жобалау бойынша мәлімет назарға алынсын. Жауаптылар келесі АҚ мәжілісіне талқылауға ұсынылсын.

2. Интеграцияланған БББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау. *Жауаптылар: комиссия мүшелері.*

6В10155 – «Жалпы медицина» - Назарова Л.М., Саржанов Ф.Н. және 6В10156 – «Стоматология» - Татыкаева У.Б.: 6В10155 – «Жалпы медицина» және 6В10156-Стоматология бойынша үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасының мазмұнын оқыту стратегиясы анықталуда. 2023 жылдың 9-ші қаңтарында №4 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілген типтік оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптар мен практикалық дағдыларды меңгеру деңгейлеріне сай оқыту мен бағалау стратегиясы жоспарланады.

2. ШЕШІМ: интеграцияланған БББ мазмұнын оқыту стратегиясы бойынша мәлімет назарға алынсын. Жауаптылар келесі АҚ мәжілісіне талқылауға ұсынылсын.

3. Жаңартылған және жаңа әзірленген БББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу. Жауаптылар: комиссия мүшелері.

6B10155 – «Жалпы медицина» - Назарова Л.М. және 6B10156 – «Стоматология» - Татыкаева У.Б.: үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бойынша типтік оқу бағдарламасы 2023 жылдың 9-ші қаңтарында №4 ҚР ДСМ бұйрығымен бекітілді. Алайда 6B10155 – «Жалпы медицина» және 6B10156- Стоматология БББ бойынша қарастырылуы қажет маңызды сұрақтар көп болуына байланысты БББ толық дайын болған жоқ. Сондықтан ішкі және сыртқы сараптауға әлі жіберілмеді.

7M10131 – «Медицина» - Жунисова М.Б.: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістеріне сәйкес 2023-2024 оқу жылына барлық білім беру бағдарламаларын жаңарту қажет екенін атап өтті. Білім беру бағдарламаларына жауапты тұлғаларға ұсыныстарын талдауға шақырды. Осы мәселе бойынша «7M10131 – Медицина» білім беру бағдарламасына жауапты «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының меңгерушісі, PhD М.Б. Жунисоваға сөз берді.

М.Б. Жунисова жаңадан бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес 2023-2024 оқу жылына «7M10131 – Медицина» магистратура білім беру бағдарламасын ішінара кредиттерінің өзгерістерін Денсаулық сақтау бойынша академиялық комитетке ұсынылғанын атап өтіп және ішкі және сыртқы сараптамадан төмендегі кестеге сәйкес сарапшылардан пікір берілгенін көрсетті:

№	Құрастырушылар	Ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі
1	Жунисова Мира Бакытжановна	PhD, «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының меңгерушісі
2	Саруаров Ерболат Ғалымжанұлы	«Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының магистр-оқытушысы
3	Омарова Балнур Адильбековна	PhD, «Профилактикалық медицина» кафедрасының аға оқытушысы

№	Сарапшылар	Ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі
1	Нускабаева Гулназ Оразбековна	М.ғ.к., доцент, «Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының меңгерушісі

№	Жұмыс берушілер	Ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі
1	Бимурзаев Ғалымжан Нұрманович	М.ғ.к., Түркістан медициналық колледжінің директоры

№	Білім алушы	Білім беру бағдарламасы, курсы
1	Шойбек Азамат Маратұлы	«7M10131 – Медицина», 2 курс

7M10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау - Саржанов Ф.Н.: мәлімет жоқ.

8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» - Қуандықова А.К.: мәлімет жоқ.

3. ШЕШІМ: жаңартылған және жаңа әзірленген БББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу бойынша мәліметтер назарға алынсын. Жауаптылар келесі АК мәжілісіне талқылауға ұсынылсын.

4. Жаңартылған және жаңа әзірленген БББ паспортын әзірлеу, БББ тізілімдемесіне ұсыну. Жауаптылар: комиссия мүшелері.

6В10155 – «Жалпы медицина» - Назарова Л.М. және 6В10156 – «Стоматология» - Татыкаева У.Б.: 6В10155 – «Жалпы медицина» және 6В10156- Стоматология бойынша үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасының паспорты жоғарыда айтылған мәселелер шешімін тапқан соң әзірленіп, БББ тізілімдемесіне ұсынылады.

7М10131 – «Медицина» - Жунисова М.Б.: 2023-2024 оқу жылына «7М10131 – Медицина» магистратура білім беру бағдарламасын жаңарту мақсатындағы өзгерістер Академиялық комитет мүшелері арасында талданды, ұсыныстар қабылданды. «7М10131 – Медицина» магистратура білім беру бағдарламасының паспорты әзірленіп университеттің әдістемелік бөліміне тапсырылды, ЕСУВО базасындағы білім беру бағдарламалар тізімдемесіне ұсынылды.

7М10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау - Саржанов Ф.Н.: мәлімет жоқ.

8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» - Куандыкова А.К.: мәлімет жоқ.

4. ШЕШІМ: жаңартылған және жаңа әзірленген БББ паспортын және БББ тізілімдемесі бойынша мәліметтер назарға алынсын. Жауаптылар келесі АҚ мәжілісіне талқылауға ұсынылсын. «7М10131 – Медицина» магистратура БББ паспорты ЕСУВО базасындағы БББ тізімдемесіне ұсынылсын.

5. БББ тізілімдемесіне ұсынылған эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу. Жауаптылар: комиссия мүшелері.

6В10155 – «Жалпы медицина» - Назарова Л.М., Саржанов Ф.Н. және 6В10156 – «Стоматология» - Татыкаева У.Б.: БББ тізілімдемесіне ұсынылған эксперттердің ескертулері мен ұсыныстар келген соң жауаптар әзірленеді.

5. ШЕШІМ: БББ тізілімдемесіне ұсынылған эксперттердің ескертулері мен ұсыныстары бойынша жауаптар әзірлеу жауаптыларға жүктелсін және келесі АҚ талқылауға ұсынылсын.

6. БББ тізілімдемесінде тіркелген БББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету. Жауаптылар: комиссия мүшелері.

6В10155 – «Жалпы медицина» - Назарова Л.М., Саржанов Ф.Н. және 6В10156 – «Стоматология» - Татыкаева У.Б.: 6В10155 – «Жалпы медицина» және 6В10156- Стоматология бойынша үздіксіз интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасы толық дайындалып, БББ тізілімдемесіне тіркелген соң, БББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етіледі.

6. ШЕШІМ: БББ тізілімдемесінде тіркелген БББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделуді және қолданысқа ендірілуді қамтамасыз ету жауаптыларға жүктелсін және келесі АҚ талқылауға ұсынылсын.

7. Әртүрлі мәселелер.

7.1. 2023-2024 оқу жылына «7М10131 – Медицина» білім беру бағдарламасын жаңарту туралы. Жауапты: адам физиологиясы және морфологиясы кафедрасының меңгерушісі М.Б. Жунисова.

Медицина факультетінің деканы Ы.С. Молдалиев сөз алды: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 2 бұйрығына өзгерістеріне сәйкес 2023-2024 оқу жылына барлық білім беру бағдарламаларын жаңарту қажет екенін атап өтті. Білім беру бағдарламаларына жауапты

тұлғаларға тапсырма берілгенін және ұсыныстарын талдауға салуға шақырды. Осы мәселе бойынша «7М10131 – Медицина» білім беру бағдарламасына жауапты «Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының меңгерушісі, PhD М.Б. Жунисоваға сөз берді.

М.Б. Жунисова жаңадан бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес 2023-2024 оқу жылына «7М10131 – Медицина» магистратура білім беру бағдарламасын жаңарту мақсатында төмендегі кестеге сәйкес өзгерістерді ұсынды:

№	Теориялық оқыту	1 сем	2 сем	3 сем	4 сем
1	БП ЖК -Ғылым тарихы мен философиясы		4 кр		
2	БП ЖК -Шет тілі (кәсіби)	4 кр			
3	БП ЖК -Басқару психология		4 кр		
4	БП ЖК –Жоғары мектептің педагогикасы		4 кр		
5	Педагогикалық практика				4 кр
6	ЖОО ТК	15 кр			
7	КП ЖК	10 кр	15 кр		
8	КП ТК			19 кр	
9	Зерттеу практикасы			9 кр	
10	Магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (үздіксіз) I	1 кр			
11	Ғылыми семинар		1 кр	1 кр	1 кр
12	Магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (үздіксіз) II		2 кр		
13	Магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (үздіксіз) III			1 кр	
14	Ғылыми журналдарда / ғылыми – педагогикалық конференциялар материалдарындағы жарияланымдар			4 кр	
15	Магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (үздіксіз) IV				10 кр
16	Ғылыми тағылымдама				3 кр

17	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау				8 кр
	Барлығы:	30 кр	30 кр	34 кр	26 кр

Жаңа қабылданған медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау 8 кредитке қысқартылуына орай, артық 4 кредитті бейіндеуші пәндер цикліндегі таңдау компонентіндегі пәндерге қосылғанын атап өтті.

Бейіндеуші пәндер циклінің Ғылыми-зерттеу құралдары модуліндегі «Зерттеулердің қолданбалы әдістері» пәнінің жалғасы «Академиялық ғылыми жазба» пәні болғандықтан, олардың бір семестрге қатар келуіне байланысты 2 семестрге ауыстырылды, ал оның орнына кредиті сәйкес келетін Кәсіби модуліндегі Дәлелді медицина мен клиникалық эпидемиология негіздері пәні 1 семестрге қойылғанын көрсетті.

2022-2023 оқу жылы Жоғарғы білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша негізгі оқу жоспары			2023-2024 оқу жылына Жоғарғы білімнен кейінгі «7М10131 – Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныс		
Бейіндеуші пәндер циклі/ Ғылыми зерттеу құралдары модулі			Бейіндеуші пәндер циклі/ Ғылыми зерттеу құралдары модулі		
Зерттеулердің қолданбалы әдістері	5 кр	I семестр	Зерттеулердің қолданбалы әдістері	5 кр	I семестр
Академиялық ғылыми жазба	5 кр	I семестр	Академиялық ғылыми жазба	5 кр	II семестр
Бейіндеуші пәндер циклі/ Кәсіби модуль			Бейіндеуші пәндер циклі/ Кәсіби модуль		
Дәлелді медицина мен клиникалық эпидемиология негіздері	5 кр	II семестр	Дәлелді медицина мен клиникалық эпидемиология негіздері	5 кр	I семестр
Бейіндеуші пәндер циклі/ Таңдау компоненті			Бейіндеуші пәндер циклі/ Таңдау компоненті		
Биостатистика/ Медицинада ғылыми зерттеулер негіздері	5 кр	III семестр	Биостатистика/ Медицинада ғылыми зерттеулер негіздері	7 кр	III семестр
Биоэтика негіздері/ Зерттеу нәтижелерін диссертацияда және мақалаларда жариялау	5 кр	III семестр	Биоэтика негіздері/ Зерттеу нәтижелерін диссертацияда және мақалаларда жариялау	6 кр	III семестр
Медицинадағы білім беру әдіснамасының негіздері/ Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және әдебиет шолумен жұмыс жасау	5 кр	III семестр	Медицинадағы білім беру әдіснамасының негіздері/ Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және әдебиет шолумен жұмыс жасау	6 кр	III семестр
Қорытынды аттесттау			Қорытынды аттесттау		
Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	12 кр	IV семестр	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	8 кр	IV семестр

2023-2024 оқу жылына «7М10131 – Медицина» магистратура білім беру бағдарламасын жаңарту мақсатындағы өзгерістер Академиялық комитет мүшелері арасында талданды, ұсыныстар қабылданды.

7.1. ШЕШІМ: 2023-2024 оқу жылына «7М10131 – Медицина» білім беру бағдарламасын жаңарту және өзгерістер енгізуге АҚ-ке ұсыныс берілсін.

7.2. 2023-2024 оқу жылына «7М10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасын жаңарту туралы. Жауапты: профилактикалық медицина кафедрасының меңгерушісі А.К.Куандықова.

Медицина факультетінің деканы Ы.С.Молдалиев сөз алды: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес 2023-2024 оқу жылына барлық білім беру бағдарламаларын жаңарту қажет екенін атап өтті. Білім беру бағдарламаларына жауапты тұлғаларға тапсырма берілгенін және ұсыныстарын талдауға салуға шақырды. Осы мәселе бойынша «7М10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасына жауапты «Профилактикалық медицина» кафедрасының меңгерушісі А.К.Куандықоваға сөз берді.

А.К.Куандықова жаңадан бекітілген үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес 2023-2024 оқу жылына «7М10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау» магистратура білім беру бағдарламасын жаңарту мақсатында төмендегі кестеге сәйкес өзгерістерді ұсынды:

№	Теориялық оқыту	1 сем	2 сем	3 сем	4 сем
1	БП ЖК -Ғылым тарихы мен философиясы		4 кр		
2	БП ЖК -Шет тілі (кәсіби)	4 кр			
3	БП ЖК -Басқару психология		4 кр		
4	БП ЖК –Жоғары мектептің педагогикасы		4 кр		
5	Педагогикалық практика				4 кр
6	БП ТК	15 кр			
7	БП ЖК	10	15		
8	Зерттеу практикасы			9 кр	
9	БП ТК			19 кр	
10	Магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (үздіксіз) I	1 кр			
11	Ғылыми семинар		1 кр	1 кр	1 кр
12	Магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (үздіксіз) II		2 кр		

13	Магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (үздіксіз) III			1 кр	
14	Ғылыми журналдарда / ғылыми – педагогикалық конференциялар материалдарындағы жарияланымдар			4 кр	
15	Магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (үздіксіз) IV				10 кр
16	Ғылыми тағылымдама				3 кр
17	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау				8 кр
	Барлығы:	30 кр	30 кр	34 кр	26 кр

Жаңа қабылданған медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау 8 кредитке қысқартылуына орай, артық 4 кредитті бейіндеуші пәндер цикліндегі таңдау компонентіндегі пәндерге қосылғанын атап өтті.

Бейіндеуші пәндер циклінің Ғылыми-зерттеу құралдары модуліндегі «Зерттеулердің қолданбалы әдістері» пәнінің жалғасы «Академиялық ғылыми жазба» пәні болғандықтан, олардың бір семестрге қатар келуіне байланысты «Академиялық ғылыми жазба» 2 семестрге ауыстырылды, ал оның орнына «Қоғамдық денсаулық ғылымына кіріспе» пәні 1 семестрге қойылғанын көрсетті.

2022-2023 оқу жылы Жоғарғы білімнен кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша негізгі оқу жоспары				2023-2024 оқу жылына Жоғарғы білімнен кейінгі «7М10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша ұсыныс					
Бейіндеуші пәндер циклі/ Ғылыми зерттеу құралдары модулі				Бейіндеуші пәндер циклі/ Ғылыми зерттеу құралдары модулі					
Академиялық ғылыми жазба	5 кр	I	семестр	Академиялық ғылыми жазба	5 кр	II	семестр		
Бейіндеуші пәндер циклі/ Кәсіби модуль				Бейіндеуші пәндер циклі/ Кәсіби модуль					
Қоғамдық денсаулық ғылымына кіріспе	5 кр	II	семестр	Қоғамдық денсаулық ғылымына кіріспе	5 кр	I	семестр		
Бейіндеуші пәндер циклі/ Таңдау компоненті				Бейіндеуші пәндер циклі/ Таңдау компоненті					
Денсаулық сақтау саясаты, экономика және басқару	Қоғамдық денсаулық сақтауда сабақ беру әдіснамасының негіздері	5 кр	III	семестр	Денсаулық сақтау саясаты, экономика және басқару	Қоғамдық денсаулық сақтауда сабақ беру әдіснамасының негіздері	6 кр	III	семестр
Әлеуметтік осал адамдардың	Медициналық ЖОО-ғы	5 кр	III	Әлеуметтік осал адамдардың	Медициналық ЖОО-ғы	6 кр	III	III	семестр

денсаулығына байланысты мәселелер	студенттің құзыреттілігін жана бағалау тәсілдері		семестр	денсаулығына байланысты мәселелер	студенттің құзыреттілігін жаңа бағалау тәсілдері		семестр
Денсаулықты нығайту	Медицинада ЖОО -да тиімді оқыту	5 кр	III семестр	Денсаулықты нығайту	Медицинада ЖОО -да тиімді оқыту	7 кр	III семестр
Қорытынды аттесттау				Қорытынды аттесттау			
Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау		12 кр	IV семестр	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау		8 кр	IV семестр

2023-2024 оқу жылына «7М10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау» магистратура білім беру бағдарламасын жаңарту мақсатындағы өзгерістер Академиялық комитет мүшелері арасында талданды, ұсыныстар қабылданды.

7.2. ШЕШІМ: 2023-2024 оқу жылына «7М10144 – Қоғамдық денсаулық сақтау» магистратура білім беру бағдарламасын жаңартулар мен өзгерістер енгізуге АК-ке ұсыныс берілсін.

7.3. 2023-2024 оқу жылына «8Д10110 - Медицина» және «8Д10111 – Қоғамдық денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына шетелдік тағылымдаманың семестрін ауыстыру туралы. *Жауапты: медицина факультетінің деканы Молдалиев Ы.С.*

Медицина факультетінің деканы Ы.С.Молдалиев сөз алып, «8Д10110 - Медицина» және «8Д10111 – Қоғамдық денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларында Шетелдік тағылымдамаға бару үшін ағылшын тілінен Халықаралық деңгейдегі сертификаттың 2 жылға ғана жарамдылық мерзімін ескере отырып, шетелдік тағылымдама V семестр 8 кредитті III семестрдегі 8 кредиттік Ғылыми семинармен ауыстыруды талқылауды ұсынды. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитет мүшелері талқылай келе, бір ауыздан ұсыныс беруді жөн санады.

7.3. ШЕШІМ: 2023-2024 оқу жылына «8Д10110 - Медицина» және «8Д10111 – Қоғамдық денсаулық сақтау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларына шетелдік тағылымдаманың семестрін ауыстыру туралы АК-ке ұсыныс берілсін.

7.4. 2023-2024 оқу жылына 6В10156 – «Стоматология» білім беру бағдарламасындағы кафедраға қарасты пәндердің атауын өзгерту туралы. *Жауапты: адам физиологиясы және морфологиясы кафедрасының меңгерушісі М.Б. Жунисова.*

Кафедра меңгерушісі М.Б. Жунисова сөз алды: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №4 Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрығы сәйкес 2023–2024 оқу жылында Гази университетімен (Түркия) бірлескен білім беру бағдарламалары дайындалғанын атап өтті.

Кезекті сөзді м.ғ.к., доцент М.И. Омаралиев алды: кафедраға қарасты 2023-2024 оқу жылына дайындалған 6В10156-Стоматология білім беру бағдарламасындағы Базалық пәндер циклінің «Гистология, эмбриология, микробиология» модуліндегі «Бас және мойынның клиникалық анатомиясы» пәнінің атын, пәннің мазмұнына сәйкес «Бас және мойынның топографиялық анатомиясы» деп өзгертуге ұсыныс берді.

Кафедра ұжымы берілген ұсыныстарды талқылап, Денсаулық сақтау бағыты бойынша академиялық комитетке ұсынуды қабылдады.

6B10156-Стоматология білім беру бағдарламасында

6B10156-Стоматология білім беру бағдарламасындағы пән аты	6B10156-Стоматология білім беру бағдарламасына 2023-2024 оқу жылына өзгертуге ұсынып отырған пәннің аты
Базалық пәндер циклі «Гистология, эмбриология, микробиология» модулі	
Бас және мойынның клиникалық анатомиясы	Бас және мойынның топографиялық анатомиясы

7.4. **ШЕШІМ:** 2023-2024 оқу жылына 6B10156 – «Стоматология» білім беру бағдарламасындағы адам физиологиясы және морфологиясы кафедрасына тиісті пәндердің атауын өзгерту туралы АҚ-ке ұсыныс берілсін.

Академиялық комитет төрағасы

Академиялық комитет хатшысы



Бабаева К.С.

Ахатаева М.Б.